



ЖЕҒАТІСА

шығылması

№16 (8904)
жұма 22 сәуір
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ПРЕЗИДЕНТ ЕЛШІЛЕРДЕН СЕНИМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақорда резиденциясында 10 мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Куба елшісі Оскар Сантана Леон (резиденциясы Нұр-Сұлтан қаласында), Бангладеш елшісі Камрул Ахсан, Доминикан Республикасының елшісі Франк Ганс Данненберг Кастельянос, Аргентина елшісі Эдуардо Антонио Зуайн, Перу елшісі Хуан Хенаро дель Кампо Родригес, Нигерия елшісі Якубу Сантураки Сулейман, Лаос елшісі Вилаван Ииапоха, Чад елшісі Адам Бешир Махамуд, Руанда елшісі Фиделис Нтампак Миронко, Бенин елшісі Акамби Андре Окуллола-Биау тапсырды.

Мемлекет басшысы елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, еліміздегі игі міндеттерін орындау барысында оларға Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Үкіметі тарапы жан-жақты қолдау көрсететінін және көмектесетінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлемнің соңғы отыз жыл ішінде ең күрделі геосаяси және геэкономикалық ахуалды бастан өткеріп отырғанын айтты. Оның айтуынша, коронавирус пандемиясы елдеріміз үшін айтарлықтай сынақ болды. Сонымен қатар халықаралық қатынастардағы ахуалдың шиеленісуі әлемнің дамуына кері әсер етіп отыр. Осыған байланысты Қазақстан Президенті қақтығыстардың БҰҰ Жарғысына сәйкес тезірек және әділ реттелетініне сенімді екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті.

Біз демократиялық өзгерістердің жаңа дәуіріне өткенімізді жориялап, мемлекеттік билікті бұрын-соңды болмаған орталықсыздандыруға, үйлесімді және тепе-



теңдік жүйесін нығайтуға кірістік, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде шетелдік инвесторлар мен сауда жөніндегі серіктестердің Қазақстан экономикасына деген сенімін нығайтуға баса мән берілетініне тоқталды.

– Біздің Үкімет ұлттық экономиканың ашықтығына, келісімшарттарға қол сұғылмауына және жемқорлықпен аяусыз күреске бейілділігін сақтайды. Бұл реформалар халқымыздың тарихындағы бетбұрыс кезеңді білдіреді. Біз тұралап қалу емес, қарқынды даму жолын таңдаймыз, – деді

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шын мәнінде бәсекеге қабілетті, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін әлемнің барлық елімен өзара тиімді әрі достық қарым-қатынастарды нығайтуға ниетті екенімізді айтты.

Рәсім соңында Мемлекет басшысы дипломаттарға табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің басшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады. Сондай-ақ жиынға қатысушыларды қасиетті Рамазан айымен, Пасха мерекесімен және Лаос Жаңа жылымен құттықтады.

«ЖШ»-ақпарат

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҰЛЫ АҚЫН ДӘРІПТЕЛДІ



Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай Талдықорғандағы Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының алдынан ұлы ақынның бюсті ашылды.

Бюстің ашылуында сөз алған мектеп директоры Самғат Долаев ескерткіштер күнінің тарихына тоқталып, мектептің ұлы ақын есімімен аталуы ұжымға, шәкірттерге қуат беріп, шабыт шақыратынын жеткізді. Мектеп алдында ақын бейнесінің тұруы да ерекше сезім сыйлайтындығын айтты. Мектеп мүдірінен кейін сөйлеген Талдықорған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Әділет Рымтаев та ұлыларды ұлықтаудың, дәріптеудің ерекше бір жолы екендігін айта келіп, мектеп ұжымына, білімгерлеріне сәттілік тіледі.

Артына мектеп оқушыларының өнерін көрдік. Домбырашылар ансамблінің орындауындағы «Тепең көк», Әлімжан Нұрланұлының орындауындағы «Көзімнің қарасы» әні, сондай-ақ, оқушылардың «Білімдіден шыққан сөз», «Әсемпаз болма әрнеге», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» сынды өлеңдерді мәнерлеп оқуы да жиналғандарға ерекше әсер етті. Ал Сымбат Нұрбақыт ұлы ақынның алтыншы қара сөзін, Жанәділ Қожахмет бірінші қара сөзін оқыды.

ТАҒЫЛЫМ

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІНДЕ

Апта басында ауданның жетінші шақырылған мәслихатының кезекті жиырма алтыншы сессиясы өтті. Атаулы сессияда негізгі үш мәселе қаралды. Халық қалаулылары жиын барысында ауданның 2021 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебін бекіту, ауданның ауылдық округтерінің 2021 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есебін бекіту туралы және қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші органның 2021 жылы атқарған жұмыстары жайын талқылады. Келелі жиын барысында аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 6-ақпандағы №11-65 «Ескелді аудандық мәслихаты аппаратының қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы» шешімінің күшін жою және мәслихаттың 2017 жылғы 7-қарашадағы № 21-141 «Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» шешімінің күші жою туралы шешімдерді шығарды.

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

ҚР Үкіметінің 20.03.2022 жылғы №148 қаулысымен Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Балалар жылын өткізу жөніндегі облыстық іс-шаралар жоспары 7 бөлімнен тұрады. Нақты айтқанда, «Білімді бала», «Отбасы-қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Жетімсіз ел», «Жайлы мекен», «Bala QORGAY», «Bala_TIME.KZ» бөлімдер негізінде шаралар ұйымдастырылмақ.

Балалар жылында балалардың сапалы білім алуға, толықанды қосымша білім алуға, денсаулығын нығайтуға және қорғауға, адамгершілік-рухани құндылықтарды насихаттауға, балалар үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралармен қамтиды.

MINBER

ҮКІМЕТ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫҒА КҮШ САЛАДЫ



Апта басында премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері қаралды.

Тақырып аясында ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының м. а. Нариман Әбілшайықов, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов және Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айбек Сәттібаев баяндама жасады.

Т.Жақсылықовтың айтуынша, 2015 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму серпіні оң нәтижелерді көрсетіп отыр. ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 7,9%-ға артып, 34,7%-ға жетті. ШОБ өнімдерін шығару 2 есеге жуық артып, номиналды мәнде 29,7 трлн теңгеге жетті. Жұмыс істеп тұрған ШОБ-тың жалпы саны 15,2%-ға артып, 1,4 млн субъектіге жетті. ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 10,6%-ға артып, 3,5 млн адам болды. Соны-

мен қатар ол кәсіпкерлік қызметті одан әрі дамытуға қолайсыз реттегіш жүйе мен шектен тыс әкімшілік жүктеме кедергі келтіретінін атап өтті.

Бұл мәселені мемлекет басшысы 2021 жылдың аяғында қол қойған жаңа реттеу саясатын енгізу проблемалары жөніндегі заң аясында екі кезеңде шешу жоспарланып отыр. Мәселен, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында төрт ба-сым салада: сауда қызметі, көлік, ауыл шаруашылығы, қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй қызметтері секілді салаларда реттеушілік талаптар қайта қаралатын болады. Аталған салаларда ШОБ субъектілерін қамту шамамен 60%-ды құрайды. 2022 жылдың екінші жартыжылдығында және 2023 жылы денсаулық сақтау, құрылыс, өнеркәсіп және т. б. (ШОБ қамту – 40%) секілді қалған салаларда бизнеске қойылатын талаптарды (40 мыңнан астам) қайта қарау жоспарланып отыр. Жаңа тәсілдерді іске асыру бизнеске түсетін жүктемені түбегейлі азайтуға және жаңа экономика жағдайында іскерлік белсенділікті дамытуға серпін беруге жол ашады.

Басы 1-бетте.

ҮКІМЕТ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА КҮШ САЛАДЫ

11 ЖАЗАЛАНУШЫ РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНДІ

2021 жылғы 7-желтоқсанда ҚР Президенті ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы Заңға қол қойды. Азаматтардың әлеуметтік осал топтарына: азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін ардагерлерге, кәмелетке толмағандарға, әйелдер мен егде жастағы еркектерге, I және II топтағы мүгедектерге және басқа да адамдарға ерекше назар аударылды. Аталған заң негізінде Алматы облысының Ескелді аудандық соты 2022 жылдың өткен кезеңінде пробацация қызметі бөлімшесінің ұсыныстары бойынша аудан прокуратурасының прокурорларының қатысуымен 21 сотталған адамға қатысты рақымшылық жасау актісін қолдану туралы материалдарды қарады. Қарау қорытындысы бойынша сот қаулысымен 10 сотталған адамның жазасын өтеу мерзімі қысқартылды, қалған 11-і жазаны одан әрі өтеуден босатылды.

Ескелді ауданының прокуратурасы, пробацация қызметі, аудандық соты

ХҚО-ҒА БАРМАС БҰРЫН НЕНІ БІЛГЕН ЖӨН?

Қазақстандықтар мемлекеттік қызметтердің 90% -дан астамын электрондық үкімет порталы арқылы онлайн түрде ала алады. Оған қоса eGov Mobile мобильді қосымшасы, телеграмда @kenes1414bot секілді пайдалы баламалары тағы бар.

Ал егер сізге керек қызмет тек ХҚО-да қағаз жүзінде көрсетілетін қалған 10%-дың ішінде болса ше?

Төмендегі қарапайым кеңестерге құлақ ассаңыз, уақытыңызды үнемдейсіз:

1. Алар қызметіңіз электронды порталда рәсімделмейтініне тағы бір рет көз жеткізіңіз, себебі онлайн-қызметтер тізімі үнемі толықтырылып отырады;
2. Онлайн баламасы жоқ па? Онда ХҚО-ға бару үшін зекетті брондауға кеңес береміз. Әрине, бұл міндетті емес, алайда брон жасау арқылы уақытыңызды үнемдейсіз. Тек белгіленген уақыттан 10-15 минут бұрын келсеңіз болды;
3. Жеке куәлігіңізді ұмытпаңыз. Құжатыңыздың мерзімі аяқталып қалған жоқ па? Оны да қарап қойыңыз;
4. Кейбір мемлекеттік қызметтерді алу үшін сізден белгілі бір құжаттар пакеті сұратылуы мүмкін. Ол туралы алдын ала 1414 байланыс орталығынан нақтылап алыңыз.

Ескелді аудандық ХҚО

EGOV MOBILE МҮМКІНДІКТЕРІ

Барлық құжатты өзіңізбен бірге алып жүру өте ыңғайсыз. Кейде маңызды құжаттарымызды үйде ұмытып кетіп те жатамыз.

Цифрлық құжаттар әрбір қазақстандықтың өмірін мүмкіндігінше жеңілдетті. Egov mobile қосымшасында жеке куәлік, неке және баланың туу туралы куәліктері, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты және басқа да жиі қолданыстағы құжаттардың цифрлық аналогы бар. Цифрлық құжаттар ХҚО-да, банктер мен нотариустарда, тіпті ұялы байланыс операторларының сервистік орталықтарында да жарамды. Сондай-ақ, оны әуежайда тіркеліп, поезға отырғанда ұсына аласыз. Egov mobile қосымшасын Google Play, AppGallery, AppStore арқылы жүктеп алуға болады. Қосымшаны пайдалану үшін мобильді азаматтардың базасында тіркелу қажет.

21 АНЫҚТАМА ҚОЛ ЖЕТИМДІ

Өмірімізде қағазбастылықтың азайғаны қуантады. Бұрын мекемелер жеке-жеке анықтама сұрататын. Қазір керек еткен тарап ақпаратпен онлайн таныса алады. Әрине, сіздің рұқсатыңызбен.

Үшінші тұлғаман анықтама алу сервисі арқылы псих-нарко диспансерлерінен, жылжымайтын мүлікпен немесе соттылықтың болуы/болмауы, зейнетақы жинақтарының жай-күйі, салық бойынша бөрекеш және т.б. 21 анықтама қолжетімді. Ол үшін сұратушы тарап:

1. Egov.kz порталында авторизациядан өтеді;
2. Сервисті тауып, сіздің ЖСН-іңізді енгізеді;
3. Тізімнен анықтаманың қажетті түрін таңдап, сұрау жібереді.

Сұраным сіздің жеке кабинетіңізге келіп түседі, сондай-ақ телефоныңызға 1414-тен код жазылған смс-хабарлама келеді. Осы екеуінің бірін пайдаланып, 2 сағат ішінде үшінші тұлғаның анықтама алуына келісім беріңіз немесе бас тарту қажет. 2 сағаттан кейін жіберілген жауап жарамсыз деп есептеледі.

тапсырмасын іске асыру үшін 2030 жылға дейінгі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Бұл құжатқа сәйкес, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа серпін беру үшін қажетті институционалдық жағдайлар мен алғышарттар қабылданатын болады. Тұжырымдаманы іске асыру 2030 жылға қарай осы салада жұмыс істейтіндердің санын 5 млн адамға дейін ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 2030 жылға қарай жалпы ішкі өнімдегі ШОБ үлесін 40%-ға, жалпы ішкі өнімдегі орташа компаниялардың үлесін 20%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Азаматтарға кәсіпкерлік қабілеттерін іске асыруға тиісті жағдай жасап, ашық әрі адал биз-

нес жүргізгенде ғана аталған мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болады, - деді Әлихан Смайылов. Үкімет басшысы Ұлттық экономика министрлігіне «Атамекен» ҰКП-мен бірге Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін салалық мемлекеттік органдар мен өңірлердің әкімдіктеріне бірінші басшылардың жауапты орынбасарлары белгілеуді, ҚР Ұлттық экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірге Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде бизнесті мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру жөніндегі жол картасын әзірлеуді тапсырды.

БАБАЛАР ЖОЛЫ - ҰРПАҚҚА ТӘЛІМ

Ұлы даладағы тарихи-мәдени ескерткіштер — ұлтымыздың байлығы. Халқымыздың өткенінен сыр шертетін қастерлі мұра. Бүгінгі жастарымыз қазақ халқының мақтанышына айналған бабаларымызға қойылған ескерткіштерді мақтаныш етіп, бойын жігер мен намыс қайрап, келешекке деген қамдары нық болатыны сезіледі. Сондықтан ел тұтастығының жолында жанын пида еткен бабаларымызға тағзым ету азаматтық борышымыз.

Обылысымызда қазақтың тұңғыш тарихшысы, ел мен жер үшін бел шешіп күрескен, ел шетіне жау келсе қорған болған Қыдырғали Жалайыр бабамызға тұғырлы ескерткіш орнатылған. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен анталаған жауға айбат көрсеткен Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай,

Райымбектей батыр бабаларымыз ғана да ескерткіштер орнатылды. Қасиетті домбырасын қолына алып, халқына қарата сөз сөйлеген Сүйінбай бабамыздың алып бейнесі «Жастар» спорт сарайының ажарын аша түсті. Батыр бабаларымызға арналған ескерткіштер ұлттық идеологиямыздың бір сипаты. Жуырда Жетісу ауылындағы Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш тақтасының алдында жасөспірімдер тәу етті. «Ескерткіштер — ел тарихы» тақырыбында өткен шарада аға буын өкілдері жастарға ерлік пен елдікті мұра еткен бабалар жолынан естеліктер айтылып, тарих пернесі шертілді. Бұл шараны ұйымдастыру мақсаты — жастарды елжандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, бабалар жолын ұрпақ санасында жаңғырту.

Р.БЕЙСЕНБИНОВА
Төлеңгіт ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі нұсқаушысы

ТҮЙТКІЛДЕРДІ ТІНІ ТАРҚАЙДЫ

Үстіміздегі жылдың 8-сәуірінде Ескелді аудандық мәслихатының «Экономика, қаржы, бюджет және заңдылықты сақтау мәселелерін қамтитын» тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Отырыста аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлмира Мұқатайқызы 2021 жылға арналған бюджеттің орындалуы, тиімді пайдалануы туралы, аудандық «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің басшысы Жанас Жанайдарұлы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының күтіп ұстау және газдандыру жұмыстары жөнінде есеп берді.

Тиісті бөлім басшыларының есебінен соң халық қалаулылары елді алаңдатқан келелі мәселелер төңірегінде әңгіме ербітіп, атқарылған

жұмыстар бойынша түйткілді сауалдарын жолдады. Ел ағаларын газдандыру жайы, ауыз су желілерінің жай-күйі, жолдың сапасы алаңдатады екен. Мәселен, қыстан шыққан ауылдық округтердегі жолдың сапасының күрт нашарлауы қашаннан нысанаға алыныпата жүр. Сондай-ақ, аудан орталығы Қарабұлақтағы су құбырын тарту жұмыстарынан соң ішкі жолдардың, яғни асфальт көшелердің қалпына келтірілуі көңіл көншітпейді. Ауыз су мен газдандыру жұмыстарының жөнді жүзеге аспауы да сын садағына ілінді. Жиында тиісті сала басшылары атқарылған жұмыстар мен атқарылар жоспарлар төңірегінде мардымды жауап беріп, ел ағаларының нәм елдің көңілінен шығатын жұмыстар атқарыларына сендірді. Сонымен қатар, келелі кездесуде тиісті мекемелерге депутаттық сауал жолдау керекін депутаттар қолдады. Отырыс қорытындысы бойынша маңызды қаулы қабылданды

А.ХИЛЬНИЧЕНКО,
комиссия төрағасы

«...ПАРЫЗЫН ӨТЕ, ОТАННЫҢ!»

ҰҚК Шекара қызметінің Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасында әскер қатарына шақырылушылардың Ант қабылдау рәсімі өтті. Бүгінгі рәсімнің ерекшелігі сол, «Көктем-2022» шақырылымының шарасына жас сарбаздардың ата-ана, туғандары мен достары қатысып, қуаныштарымен бөлісті.

Бұл — пандемияның беті қайтып, карантиндік шектеулер алынғаннан кейінгі бірінші өткізіліп отырған дәстүрлі шара. Сондықтан, Ант беру секілді ұлдарының өмірінде бір-ақ рет болатын атаулы мерекеге қатысу үшін алыстан ат арылтып жеткен ата-аналардың жүздерінен өлшеусіз қуаныш пен ерекше толқынысты байқамау мүмкін емес еді... Подполковник Е.Қырғызбаевтың бұйрығымен ашылған салтанатты шараға 80-нен астам сарбаз сап түзеді. Аталған басқарманың кәсіби-техникалық және дайындық бөлімінде



әскери өмірдің алғашқы әліппесімен танысып, санаулы уақыттың ішінде өздерінің саптық дайындықтарын шыңдаған Отан оғландарын алда жас жауынгерлер курсы күтіп тұр. Әрі қарай, ел шебіне аттанып, ҰҚК Шекара қызметінің шекара бөлімшелерінде алған мамандықтары бойынша қызмет атқаратын болады. Мұнда дизельші-электрик, а в т о д ө н е к е р л е у ш і л е р

даярланады. Елiмiздiң Әнұранымен ашылған салтанатты шараға әскери ұжымның Туы әкелiнген соң Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының бастығы подполковник Ернат Қырғызбаев сап түзеген сарбаздарды бүгiнгi төл мерекелерiмен құттықтап, шекара мен ел шебiнiң елiмiз үшiн алар маңызына кең тоқталды.

Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің подполковнигі.

TARH TAĞLYMY

KÖKTEM-2022

BILE JÜRİNİZ

ORAM

ILKIM





МАЙБҰРШАҚ МЕН ХАЙСТИК® СОЯ ЕГІЗ ҰҒЫМ

Майбұршақ – майлы және бұршақ дақылдарының ішіндегі ең көп таралған түрі. Бұл дақылды адамдар осыдан 5000 жыл бұрын Шығыс Азияда өсіре бастаған деген дерек бар. Майбұршақтың құрамында ақуыздың мөлшері жоғары және көптеген бағалы тағамдық компоненттерге бай болғандықтан, оны өсіру көптеген елдерде әлдеқашан қолға алынған. Майбұршақ жер шарындағы 60-тан астам елдердерінде өсіріледі. Соңғы жылы әлемдегі майбұршақ өсірілетін егістің ауданы 125 млн. гектардан асты. Өнімділік бойынша жоғары нәтижелер келесі елдерге тиесілі: АҚШ – орташа 35 ц/га, Бразилия – орташа 32 ц/га, Аргентина – орташа 30 ц/га, Парагуай – орташа 28 ц/га, Канада – орташа 26 ц/га және Украина – орташа 26 ц/га. Өткен жылдың есебі бойынша жер жүзінде 360 млн тоннаға жуық майбұршақ өндірілген, оның ішінде негізгі өндіруші елдер: АҚШ – 125,2 млн.т, Бразилия – 115 млн.т, Аргентина – 54 млн.т, Қытай – 16 млн.т, Үндістан – 12,5 млн.т өндірген. Ал Қазақстанда өткен жылы майбұршақ дақылы 113 мың гектарға себіліп, ал орташа өнімділігі 20 ц/га болыпты.

Майбұршақтың биологиялық өнімділігі 140-150 ц/га жетеді. Дегенмен майбұршақтың өнімділік потенциалын толық пайдалануға келесідей факторлар кері әсер етеді: топырақ-климаттық жағдай, биотикалық әсерлер (арамшөптер, зиянкестер, аурулар), генетикалық кемшіліктер және технологиялық-техникалық кемшіліктер. Қазіргі таңдағы әлемде ең жоғарғы өнімділік 65-75 ц/га жетіп отыр.

Майбұршаққа бір гектардан үш тонна өнім қалыптастыру үшін шамамен 240 кг азот қажет. Оның 80 кг майбұршақ топырақтан сіңіре алады, ал үш тонна өнім қалыптастыру үшін тағы 160 кг азот керек. Жетпеген азотты минералдық тыңайтқыш енгізу арқылы толықтыруға болады. Бірақ 160 кг таза азот беру үшін гектарына шамамен 450 кг аммоний селитрасын енгізу керек болады. Егер тыңайтқыштың бағасын ең төменгі бағаммен есептесек, гектарына 90 мың шығын болады екен.

Өндірісте 150 жылдан астам тарихы, ал ауылшаруашылық өндірісінде 100 жылдан астам тәжірибесі бар BASF концерні майбұршақ өсірушілерге өнімділікті жоғарылататын өнімдерін ұсынады, олар: Хайстик® Соя инокулянтты және Корум® гербицидін. Жоғарыда аталған елдерде фермерлер өнімділікті жоғарылататынын білгендіктен майбұршақ өсіруде міндетті түрде инокулянт қолданады. «Инокулянт дегеніміз не?», «Инокулянттың өнімділікке әсері қандай?» деген сұрақтарға жауап берейік. Инокулянт – құрамында өсімдікке пайдалы тірі микроорганизмдері бар биологиялық өнім. Атмосферадағы ауаның құрамында 78% азот бар екені баршаға мәлім. Бірақ өсімдіктер ауадағы бос азотпен қоректені алмайды. Инокулянт құрамындағы ризобиум бактериялары ауадағы



Хайстик® Соя препаратымен өңделген майбұршақ тұқымының көрінісі

бос азотты сіңіріп, сіңірілген азотты өсімдікке сіңімді түріне айналдырады. Инокулянтпен майбұршақ тұқымын себудің алдында өңдеу, яғни тұқымды инокулянтпен араластыру. Қазіргі таңда нарықта инокулянттардың бірнеше түрі бергілі. Олар орамада сұйық, ұнтақ және торфтық күйінде болады. Осы үш күйдің ішіндегі торфтық негіздегі Хайстик® Соя инокулянттына тоқталмақшымыз.


Хайстик® Соя – торфтық негіздегі инокулянт. Хайстик® Соя инокулянттының 1 грамында 2 млрд. тірі брадиризиобийум жапоникум (*Bradyrhizobium japonicum*) бактериялары бар. Бұл бактериялар ауадағы азотты сіңіріп, оны майбұршақ пайдалана

сіңіргенін білу үшін түйнекті ортасынан екіге бөліп көруге болады. Азотты жақсы сіңіріп жатқан түйнектің іші қанық қызыл түсті болады. Ал, нашар жұмыс істейтін түйнектердің іші ашық-қызылт түсті болады. Бұған мысал ретінде төмендегі суретті келтіруге болады.


Майбұршақты өсіруде кездесетін негізгі проблема, ол – арамшөп. Арамшөптер топырақтағы қоректік заттарға майбұршаққа бәсекелес болады. Арамшөптердің тамыр жүйесі өте мықты болады. Егер арамшөппен мәдени дақыл бір жерде өсетін болса, негізгі қоректік заттарды арамшөп көп пайдаланады. Дүние жүзінде мәдени дақылдар арамшөптердің әсерінен



Хайстик® Соя



Басқа инокулянт



Хайстик® Соя



Бақылау

алатын түріне алмастырады. Яғни жоғарыда аталған үш тонна өнім алуға топырақта жетіспейтін 160 киллограмм азотты ауадан сіңіріп, майбұршаққа жетімді ете алады. Хайстик® Соя инокулянттының бірнеше артықшылықтары бар, олар:

- Майбұршақты азотпен қамтамасыз етеді;
- Топырақты азотпен байытады;
- Өңдегенде тұқымға жақсы жабысады, бір тұқымда 100 мың бактерия;
- Майбұршақтың өнімділігін және ақуызды жоғарылатады;
- BASF компаниясы Алматы облысы, Сарқан ауданында майбұршақ егістігінде Хайстик® Соя инокулянтты қолдану арқылы 10 гектарға демо-тәжірибе ұйымдастырған еді. Бір гектарға себілетін майбұршақ тұқымы 0,4 кг Хайстик® Соя инокулянттымен өңделді. Бұл танапта майбұршақ қант қызылшасынан кейін себілген болатын. Бақылау нұдқасында өзге инокулянт қолданылғанды.
- Тәжірибе барысында Хайстик® Соя инокулянттының түйнек бактерияларының қалыптасуына және олардың санының көп болуына өте жақсы әсер еткені байқалды.

Суреттен Хайстик® Соя қолданылған нұсқада түйнектердің көп екенін және майбұршақтың тамыр жүйесінің де өте жақсы қалыптасқанын байқаймыз. Бұл Хайстик® Соя құрамындағы тірі бактериялар ауадағы азотты өте жақсы сіңіргенін дәлелдейді.

М а й б ұ р ш а қ да қ ы л ы н ы ң т а м ы р ы н д а инокулянтсыз да түйнек бактериялары кездеседі. Бірақ бұл түйнектер азотты жақсы сіңірмейді. Түйнек бактерияларының азотты жақсы

жыл сайын шамамен 20% өнімділігін жоғалтады. Арамшөптерден келетін зиян аурулар мен зиянкестен болатын зияннан да жоғары болады. Сол себепті жоғары және сапалы өнім алуға ұмтылған шаруалар майбұршақ егістігінде міндетті түрде арамшөптермен күреседі.



Арамшөптермен күресу кешенді әрекеттерді талап етеді. Тиімді күресудің бір жолы - химиялық, яғни гербицид қолдану. Соңғы жылдары Алматы облысының майбұршақ егетін шаруалары арамшөптермен күресуде үлкен кедергілерге кездесіп жүр. Себебі қолданыста жүрген кейбір гербицидтерге қарсы арамшөптерде төзімділік пайда бола бастады. Егерде құрамында бір ғана әсерлі заты бар гербицидті көп жыл

майбұршақ егістіктерінде демо-тәжірибе жүргіздік. Тәжірибе егістігіне Корум® гербицидіннің 1,8 л/га мөлшері қолданылды.

Суреттен көрініп тұрғандай Корум® арамшөптерге қарсы өте жақсы тиімділік көрсетті. Астын сызып айтатын болсақ шоңайна, алабота (марь), ойраншөп (амброзия), теофраст бұйдакендір (канатник теофраста) сияқты арамшөптерді және бір жылдық астық тұқымдас арамшөптерді толығымен жойды.

Жоғарыда шоңайнаның екі өсу кезеңі көрсетілген. Корум® гербицидін шоңайнаны жойды. Тәжірибе нетижесі шаруа қожалығының көңілінен шықты.

Жоғарыда айтылғандай Хайстик® Соя майбұршақты азотпен жақсы қамтамасыз етіп, Корум® гербицидін арамшөптермен тиімді күресті. Өнімділікке келер болсақ, Хайстик®



бірі егісте, әр маусымда қолданатын болса, кейде ол гербицидке қарсы арамшөптерде төзімділік пайда бола бастауы мүмкін. Яғни гербицид арамшөптерге қарсы тиімділігін жоғалтуы не тиімділігі төмендеуі мүмкін.

BASF компаниясы Қазақстанның

Соя және Корум® қолданылған танаптан 34 ц/га өнім жиналды, ал бақылау танаптағы өнімділік 27 ц/га болды. Қосымша өнім 7 ц/га жетті.

Жоғарыда келтірілген өнімдерге қатысты сұрақтар туындаса, төмендегі маманға хабарлассаңыздар болады:


+7 701 718 67 11
Азамат ТАНАШЕВ,
Алматы облысы
бойынша маман.



Хайстик® Соя препаратының тиімділігінің тағы бір көрінісі



Корум® гербицидін



Бақылау

КИБЕРӘЛЕМДЕГІ ҚАУҚАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

TIN

Қазір екі қолға бір смартфон ұстап, әлемжеліні шолмайтын адам жоқ шығар. Тіпті былдырлаған бүлдіршіннен бастап еңкейген қартқа дейін Ватсап, Инстаграмды шемішкедей шағады. Әрине, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған әлемтордың пайдасы көп. Дей тұра қоғамға тигізер кері әсері де жоқ емес. Мәселен, онлайн зорлық-зомбылық. Бұл жайында не білеміз?

Статистика бойынша, ай сайын әр бесінші жасөспірім буллингтің құрбаны болады екен. Бұл әсіресе пандемия кезінде және қашықтан оқыту жағдайында өте өзекті. Тәжірибелі алаяқтар «Жұмаққа 50 қадам» секілді қауіпті ойындарды жасап, одан әрі дамытып, қазақтілді ортаны алдауды қолға алған. Көп жағдайда ата-аналар мен ұстаздар көбіне интернетте балалардың не істеп жатқанын бейхабар. Соның салдарынан соңдан бірер уақыт бұрын талай жасөспірім интернет ойынының құрбаны болды. Мәселен: Таң. Сағат тілі 4.20-ны көрсетіп тұр. Қорқыныштан тісі сақұр-сұтыр өткен Жанна оң қолына



сурет сала бастады. Қаламмен емес түйреуішпен. Нәзік қолынан тамшылай аққан қан оған әсер ете қоймады. Себебі 49-шы миссиясын аяқтауы керек еді. Денесінің қалшылдағанына қарамастан ол қалтафонын қолына алды. Әлгі қанды бейнені суретке түсіріп, «оған» жіберді. Иә, бұл сол кездері «хит» болған «Синий кит» ойыны еді.

Сорақысы сол, соңғы тапсырма – өз-өзіне қол жұмсау. Әйтпегенде, қорқытып үркітеді-мыс. Бұл ойын жақын жылдары өрмекшінің өрмегідей тарай бастады. Оған қатысқаны да, ойыннан от шығып, суицидке барғандарының да қарасы қалың еді. Ойын елімізді айналып өте қоймады. Бірінен соң бірі түрлі әрекетке бара бастады. Бұған не себеп? Бұл бізге

қалай жетті? Айтамыз «көк кит» емес, осындай ойынды таратушы әлеуметтік желілер. Себебі өзіне қол салғандардың соңғы хабарламасын тексергенде осы желідегі хаттарынан күмән келген.

Дамыған технология заманында қашықтан «басқару» «оларға» түкке тұрмайды. Фишингтік шабуылды да күн санап артып бара жатқанын ескерсек, сол алаяқтыққа төтеп бере алмайтындар азайып жатқан жоқ. Былтырдың өзінде бұл көрсеткіш едәуір өскен. Шолып көрелік.

Фишинг деген (англ. phishing, fishing сөзінен – балық аулау) – интернет алаяқтығының кең тараған түрі. Фишингерлер сізді алдап, спам хаттарды, sms, қауіпті веб-сайттардың сілтемесін жаппай жіберу арқылы жалған сайтқа кіргізеді. Жалған сайт сізден пин-код, жасанды сөзді енгізуді сұрайды. Аз ғана уақыттың ішінде алаяқтар сізге қатысты барлық ақпаратты анықтап, жеке шотыңыздан ақша ұрлайды. «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ дерегінде біріншілік электрондық пошта шлюзі 33 430 хатты спам санатына жатқызып, олардың таралуын тоқтатқаны жазылады. 2020 жылдың қараша айында компьютерлік

инциденттерге әрекет ету қызметі ақпараттық қауіпсіздіктің 1 453 инцидентін анықтаған. 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда фишингтік шабуылдар саны 83 процентке өссе, тіркелген зиянды БҚ саны 93 процентке артыпты. Яғни 2019 жылы фишингтік шабуылдар саны 19 болса, өткен жылы бұл көрсеткіш 115-ке дейін өскен. Зиянды бағдарламалар бойынша 2019 жылы 10, былтыр 145 инцидент тіркелген. Сонымен қатар 200 миллионға жуық кибершабуыл тіркелген. Кибершабуыл – онлайн режиміндегі зорлық-зомбылық. Бір деңгейде кибершабуылдау кибербуллингке ұқсайды. Өйткені ол бірнеше рет тітіркендіргіш жағымсыз хабарлама жібереді.

Жыл сайын ақпараттық қауіпсіздіктің миллиардтаған оқиғасы тіркеледі. Алғашында жай алдаумен басталған дүние шантажға, зорлық-зомбылыққа ұласады. Былтыр шамамен 4 млрд оқиға мен миллиондаған кибершабуыл тіркелген. Жалпы киберқауіпсіздіктің негізгі принциптері – құпиялық, тұтастық және қолжетімділік. Мәселенің мәнісі осында жатыр. Кибершабуылға төтеп беруде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитеті оқу-жаттығулар ұйымдастырып отырады. Дегенмен киберсауат әр адамда болуы қажет-ақ...

Айнұр ӘЛИ

AI-QARI

ЗАМАНАУИ ҚАЙЫРШЫЛЫҚ



«Жаһандану», «даму» дегенді қалай түсінесіз? Иә, алдымен көз алдымызға цифрлық сауаттылығымыз артып, қағазбастылықтан арылып, жаңа заманның талабына сай болу елестейді. Жөн-ақ, қатардан қалмай, жармасып, талдасып келеміз. Алайда сол дамудың оңтайлы тұсы көп болғанымен масылдықты ерттеп алған олқылығы да артып келе жатқанын ескере бермейміз. Қазір Тик-ток деген әлеуметтік желі көпшіліктің сүйіктісі болып барады. Аша қалсаңыз түрлі трендтегі видеоларға шолу жасайсыз. Ал сіз салған видео қызық болса лайк пен пікір саны тіпті артады. Яки лайк басылған сайын сіздің видеоныз дүйім жұртқа ұсыныла береді. Мұны барлығы «рек» деп атайды. Түрлі-түрлі атаумен тіркеліп, қызық контент ұсынғандардың аудиториясы да көп болады. Мұнда өзге әлеуметтік желіден өзгешелік бар. Ол – тікелей эфирден табыс табу. Қалай деймісіз?

Оқырман санын жинау үшін қызықты видео жүктеудің қажеті де жоқ. Ол үшін арнайы бағдарламалар бар. Тіпті танымал тиктокерлердің тікелей эфиріне кіріп, қолдау көрсетсеңіз оқырман санын көбейте аласыз. Егер 1000 оқырманнан асса сіздің де тікелей эфирге кіру мүмкіндігіңіз пайда болады. Енді тақырыпқа ойысайық. Тікелей эфир – Тик-токтың терминінде «стрим» деп аталады. Сол стримда отырған адамға қолдау көрсету үшін сыйлық жібересіз. Сыйлық жіберген сайын ол адамның тікелей эфирі рейтингке шығып, дами бастайды. Ал ол сыйлық тегін тұрмайды. Ең арзан сыйлық 1 монетадан басталады. Мұндағы ең қымбат сыйлық – Tik-tok live деп аталады. Сондағы үлкен әпкеге кірді. Жал монетамен 34 999 деген цифрға ие. Одан соң – арыстан. Хит

жұмып алғашқы сыйлық жібердім. Одан соң тағы, тағы жібере бердім. Көріп отырған адамдар мені «топ» деп мақтаған сайын ақшамды құртып, өзіммен-өзім жынды адамдай есімді жоғалттым. Тағы сыйлық жіберемін деп сатып алуға қартаға кірсем, ақша жеткіліксіз дейді. Сонда небәрі 30 минуттың ішінде 67 мың теңгемді құртып қойған екенмін, – дейді желі қолданушысы.

Иә, бұл сыйлықтарды бір-біріне жіберіп, донатор (демеуші) болып, монета мен долларларды айналымға түсіріп, жақсы пайда көзін тауып отырғандар бар. Олар өбден сүйектің майын шағып, тәжірибесін жинақтаған адамдар. Ал жаңадан қосылған жанның әлгі кейіпкер секілді манипуляцияға түсетіні анық. Тіпті бір күнде 100-200 мың теңгелерін салып, артына әкініп қалғандардың саны жетерлік.

Тик-токтағы табысты айттық. Енді ойысар тақырып сол жердегі заманауи қайыршылар болмақ. Бір күнімізді арнап, сол тик-токтың тікелей эфирін шолып шықсаңыз, түрлі адамдарды көресіз. Бір келіншек бар. Үнемі балаларын тастап, қалаларда қидырып жүреді. Отырып алып, жатар орны мен ішер ащы суына ақша сұрайды. Жұрт жарылқай қоймаса «500 теңгеге билеп беремін» деп жар салады. Тағы бір келіншек бар. Жалғызбасты анамын деп зар жылайды. Күні-түні сол эфирде отырып ақша сұрайды. Алайда жұмыс жасағанын көрмейсіз. Кеше бір әйелге көзім түсті. Жесір қалдым деп еңкілдей жылаған ол несиесіне ақша жинап отыр екен. Халық бірге уайымдап, ақша салып, айлық несие төлемін өтеп берді. Ал кешкі уақытта еңкілдей жылаған әлгі келіншек кафелетіп, билеп, қидырып жүр. Тіпті 100-200 теңгеге жұлқына билеп, есі кеткен есерсоқтарға да тап боласыз. Қыз кейіндегі ерлер де осында. Халықтан ақша жинап, мүшелерін ауыстыру үшін сайқымасақ болады. Әлінде айтқан қымбат сыйлықтарды жіберіндер деп халыққа міндеттейді. Ұйқысыз күндер өткізіп, тікелей эфирден шықпайды. Ал жұрт қызығып соларға кіреді, ауызға келгенін жазады. Бір-бірімен сөзге келеді, соттасады. Құр кетіп жатқан уақыт-ай дерсіз.

Қош. Заман ағымына сай дамып жатырмыз дейміз. Иә, дамыдық. Бірақ мойынға жүк болып мініп алған масылдығымыз бізді өбден қайыршы етіп бітті. Бұрындары базар алдында, көше бойында отыратын «сігән» қайыршыларды ендігі әлеуметтік желілерден көріп қалсаңыз таң қалмаңыз.

А.ӘЛДІБЕК

MÄSELENİN MÄNISİ

ЖЕР АЛУ ҮШІН САБЫЛУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алу үшін eGov.kz арқылы кезекке тұруға болады. Бұған дейін ЖТҚ үшін жер учаскесін алу кезегіне тұру үшін қазақстандықтар әкімдіктерге қағаз жүзінде өтініш тапсыратын, онда кезек ретінің дұрыс жүргізілмеу қауіпі болатын. Ол кезде кезекке тұру процесі 12 күн уақыт алатын. Бұл өтініштер 16 жыл бойы аудан, қала, облыс деңгейінде бөлек-бөлек сақталды.

Жаңа жүйенің арқасында қазақстандықтар кезекке тұрып, eGov.kz-те оның жылжу барысын өз бетінше бақылап, жер кезегіне бұдан бұрын берілген өтініштің деректерін өзектендіре алады. Осылайша, әрбір қазақстандық алуы тиіс 10 сотық жерді алу процесі барынша ашық болады. Ал автоматизация арқасында бұл процеске 5 минут қана жұмсалады.

Әкімдіктер берген тізімді біз цифрландырып, электронды форматқа ауыстырылды. Жер теліміне кезекті Цифрландыру – сыбайлас жемқорлықты жою және жерді игеру үдерісінде жасалған үлкен ілгері қадам. Енді көмелет жасына толған әрбір қазақстандық үйден шықпай-ақ, 10 сотық жерге eGov.kz арқылы өтінім бере алады. Тағы бір жаңашылдық – енді таңдаған аймақтың әкімдігіне бармай-ақ, еліміздің кез келген өңірінен жер теліміне өтінім беруге болады.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына кіріп, «Жылжымайтын мүлік» – «Жер қатынастары» бөлімінен «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметін таңдау қажет.

Әрі қарай өтініш түрін таңдау керек. Бүгінде порталда өтініштің үш түрі бар: кезекке қою; деректерді өзектендіру; кезектен шығару.

Егер сіз жер учаскесін алу үшін кезекке алғаш рет өтініш білдіріп тұрсаңыз, онда өзіңіз жер алуды қалайтын аймақты таңдайсыз.

Егер сіз бұдан бұрын жер кезегіне тұрған болсаңыз, бірақ ол туралы ақпарат таппасаңыз, онда «Өзектендіру» өтініш түрін таңдауыңыз қажет.

Кезек алғаныңызды растау үшін қолыңызда бар құжатты (талонның скан-нұсқасы, өтініштің, жеке куәліктің және т.б. көшірмелері) жүктеу қажет. Сондай-ақ кезек ретін www.map.gov4c.kz/egkn/ сайтында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтіп, бақылап отыруға болады.

Бұдан бұрын алған жер кезегінен бас тарту үшін «Шығару» өтініш түрін таңдау қажет.

Егер азамат бұдан бұрын мемлекеттен тегін жер телімін алған болса немесе елдімекенде ЖТҚ үшін бос жер телімі болмаса, жер кезегіне өтініш бере алмайды. Бос учаскелерді беру жөніндегі шешімді әкімдіктер қабылдайды. Учаскелер алаңдардың дайын болуына қарай немесе елдімекеннің бас жоспарына сәйкес, бос аумақтар болған жағдайда берілетін болады.

Егер бұрын бір өңірде жер теліміне кезекке тұрған болсаңыз, ал қазір өзге аймақтан жер алуға ниеттенсеңіз, 10 сотыққа кезек реті ертерек келген өңірден жер бір рет қана берілетінін, қалған өтініштердің күші жойылатынын ескеру қажет.

Естеріңізге сала кетейік, бұрын қазақстандықтар ЖТҚ үшін жер учаскесін алу кезегіне тұру үшін жергілікті атқарушы органдарға, яғни әкімдіктерге жүгінетін. Олар тек өз аймағының жерлерін таңдай алатын. Кезекте тұрғандардың тізімі де тек әкімдіктерде сақталатын.

ҚР Жер кодексінің 50-бабына сәйкес, Қазақстанның әрбір азаматы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін (10 сотық жер) тегін алуға құқылы.



«МОНТЕССОРИ» - БАЛАНЫ БЕУІМДЕУДІҢ ОЗЫҚ ӘДІСІ

MEZGIL MÄSELESİ



Бала – ата-ананың көз қуанышы, көңіл жұбанышы. Кез келген ата-ана баласы үшін өмір сүреді, сүрітіміс. Халқымыз «Балалы үй – базар» деп тегін айтпаса керек, отбасылық өмірдің мәні мен сәні сәбімен бірге кіреді. Үлкен адамдардың өміріне соншама қуанышпен шаттық сыйлайтын сәбилер кейде керісінше, ата-анасының көңіліне уайым мен алаңдаушылық уялатып жататыны да қоғамдағы белгілі жайт.

Туғаннан мүгедектікке душар болған, не есейе келе әртүрлі жағдайдың салдарынан денсаулығына, соның ішінде, жүйке жүйесіне зақым келген балаларды тек ата-анасы емес, мемлекет те бақылауда ұстап, қолынан келген жәрдемін аяп отырған жоқ. Соңғы жылдардағы бір жетістігіміз – Монтессори әдістемесін енгізу. Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі ХХ ғасырдың бірінші жартысында италияндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Мария Монтессори - италиялық дәрігер. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқан соң соның атымен аталады.

Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидаты – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл - Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және педагогтың сабырлы адамгершілігі салтанат құрады. Бала жас кезінде жас шыбық сияқты. Қалай исең, солай қарай иіледі. Жақсыға үйретсең, жақсылап үйретсең тез қабылдайды. Осы тұрғыдан келгенде Монтессори әдістемесінің біздің орталыққа енуі жақсы бастама деп ойлаймын.

Мен Монтессори педагогикасындағы әдіс-тәсілдерінің элементтерін өз сабақтарыма қолданып жүрмін. «Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю», «Үрме бұршақты бір ыдыстан екінші ыдысқа аудару», «Жұмыртқаны судан сүзіп алу», «Сәбіздерді қысқышпен бір ыдыстан екінші ыдысқа ауыстыру», «Күріш, қарақұмықты ыдыстан ыдысқа аудару», «Моншактарды, асықтарды түстеріне қарай жинау», замок, түймелерді шешу тауы, қысқыштармен жұмыс.

Корыта келе, Монтессори әдісі балаға жауапкершілікті сезінуге, өзі шешім қабылдауға, жеке жұмыс істеуге, таңдау жасауға, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндік береді. Бұл әдістің мақсаты – бала мұнда педагогтың нұсқауымен емес өз еркімен қарекет етуге тәрбиеленеді. Баланың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірімі, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Еркін жұмыс істеу барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндейді, адамгершілік қасиеттерін де дамыта алады.

Ания ЖУМАДИЛОВА,
Ескелді ауданының
«№12 психологиялық-педагогикалық кабинетінің» әлеуметтік педагогі

QŪLAQTANDYRU

ҚҰРМЕТТІ БОЛАШАҚ БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫ!

1-сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өтеді.

1-сыныпқа 6 жастағы балалар қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толған балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қызмет толықтай автоматтандырылған және eGOV.kz порталы арқылы көрсетілген Қандай құжаттар қажет?

- Ата-ананың өтініші (электронды түрде қалыптасады)
- Туу туралы куәлік (электронды түрде қалыптасады)
- Баланың денсаулық паспорты (026/у-3 нысаны)
- Егу паспорты (065/у нысаны)
- Баланың суреті (3*4 өлшемді)

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ДОРОГИЕ РОДИТЕЛИ БУДУЩИХ ПЕРВОКЛАССНИКОВ!

Прием документов в 1 класс проходит с 1 апреля по 1 августа.

Для удобства граждан услуга полностью автоматизирована и оказывается через портал eGOV.kz.

Какие необходимы документы?

- Заявление родителя (формируется электронно)
- Свидетельство о рождении (формируется электронно)
- Паспорт здоровья ребенка (форма 026/у-3)
- Прививочный паспорт (форма 065/у)
- Фото ребенка (размером 3*4)

Отдел образования по Ескельдинскому району

TYNYS

ЖЕРЛЕСТЕР МЕРЕЙДІ ҮСТЕМ ЕТПЕК

Сәуір айының алғашқы он күндiгiнде Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясында 7-8 сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағытындағы республикалық жасөспiрiмдер олимпиадасының аудандық кезеңi өттi.

Бұл бiлiм жарысына аудан бойынша 189 оқушы қатысты. Оқушылар 5 пән бойынша, атап айтқанда биология, математика, химия, физика, информатика пәндерiнен өзара мықтыны анықтады. Айта кетейiк, ұйымдастырушылар бiлiм додасының адальдығын сақтау, жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында тапсыру кабинеттерiнен YouTube каналдарда тiкелей эфирде трансляция жүргiздi. Олимпиаданың аудандық кезеңiнен 9 оқушы жоғары нәтижеге қол жеткiзiп, облыстық кезеңге өттi. Оқушыларымызға сәттілік тілеймі!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

SÖZ SOYL

КІЛ МЫҚТЫДА КІМ МЫҚТЫ?

Жуырда Абай атындағы орта мектебінде Балалар жылына орай «Бақытты бала - Мәңгілік ел келілі» атты мектеп оқушыларының аудандық пікір-сайыс турнирі өтті. Іс-шара кезінде оқушылар өздеріне қойылған тақырыптар бойынша мәселелерді жан-жақты қарастырып, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Сөз сайыстың қорытындысы бойынша қазақ тілділер арасында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп оқушылары бірінші орынды меншіктесе, екінші орынға Балпық би атындағы орта мектеп, үшінші орынға Н.Алдабергенов атындағы орта мектеп жайғасты. Сондай-ақ, «Үздік спикер» номинациясын Қоңыр орта мектебі қанжығасына байласа, Жалғызғаш орта мектебі «Үздік оратор» аталымын иеленді. Орыс тіліндегі лигада Қарабұлақ орта мектебі үздіктер көшін бастаса, Н.Алдабергенов атындағы орта мектебі екінші орынды, Қаратал орта мектебі үшінші орынды еншіледі. «Үздік спикер» номинациясын Бақтыбай атындағы орта мектеп меншіктеді. Жеңімпаздарды құттықтаймыз.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

BILIK

КЕЛЕЛІ ЖИЫН

Өткен аптада Алматы облысы бойынша барлық білім беру мекемесінде оқушыларға кәсіби бағдар беру үшін жаңа «Өмірлік бағдар» атты жоба ұйымдастырылды. Осы орайда, Ескелді ауданы бойынша мектептерде 9-11 сынып оқушылары және ата-аналарымен «Өмірлік бағдар» атты облыстық жоба аясында кәсіптік бағдар беруіне бағытталған ақпараттық насихат тобы кездесу өткізді. Top аудандық жастар ресурстық орталығы, жұмыспен қамту орталығы және Көксу ауылшаруашылық колледжінің мамандарынан құрылды. Кездесуге 9-11 сынып оқушылары, ата-аналары және мектеп әкімшілігі белсене қатысты. Жиын барысында оқушыларға арнайы дайындалған бейнероликтер, презентациялар көрсетілді. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісінше жауап берілді.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ÖRKEN

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Жуырда Ескелді ауданында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Г.Исагулова, Айгаша Й.Вавда (Орталық Азиядағы білім беру саласының жетекші маманы) басқаратын мемлекеттік қаржыны шолу бойынша білім беру Банкінің командасы: Сайедах Ароб Икбал (талдаушы-зерттеуші), Альмира Закиева (білім беру саласының маманы) және Азат Алкеев (бағдарлама көмекшісі) аудандық білім бөлімінің орталықтандырылған бухгалтериясының қызметкерлерімен кездесу өткізді. Жиынның мақсаты - білім беру бюджетін қалыптастыруды, орындауды және бағалауды реттейтін ережелер мен процесстер туралы бастапқы деректерді зерттеу және жинау және тік/көлденеу өлшемде тартылған билік өкілдерінің институционалдық құрамымен танысу. Сонымен қатар, топ құрамы Алдабергенов атындағы орта мектебінің әкімшілігімен кездесті. Зерттеу барысында команда мүшелері мен мектеп әкімшілігі өзара ой-пікір, тәжірибе алмасты.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

JARAISYZDAR

АУДАННЫҢ ҮЗДІК ҰСТАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Ұстаз деген кім? Ұстаз – шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаз болу - екiншi бiрiнiшi қолынан келмес, әрi аса үлкен жауапкершiлiктi қажет ететiн жұмыс. Ұстаздың лаулаған жалыны - әр жүрекке жылу сеуiп, нұр құятын қуаттың, өмiрдiң қайнар көзi. Тiршiлiктегi шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз - өзiнiң бар күшiн, бүкiл өмiрiн бала тәрбиесiне бел бағу перiште. Жуыр-ауда аудандық білім бөлімінің және аудандық білім саласындағы қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен Абай атындағы орта мектебінде аудандық «Үздік педагог - 2022» атты байқау өтті. Мұндағы мақсат – балаға тәлім мен тәрбие, білім мен білік беріп отырған ұстаздар арасында үздігін анықтау.

Ұстаздар байқауында қатысушылар жеребе

ÖRIS

БІЛІМ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЖҮЙЕЛІ ЖИЫН

Жақында М.Байсов ауылындағы Рүстембеков атындағы орта мектебінде «PYTHON программалау тілінің ерекшеліктері» тақырыбында информатика пәнін жүргізетін мұғалімдерге арналған аймақтық тәжірибе алмасу семинары өтті. Шара пән мұғалімдеріне мектеп бағдарламасындағы python программалау тілінің ерекшеліктері бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында өтті.

Семинарды Алматы облысының әдістемелік орталығының әдіскері Ардақ Адильбаева және аудандық әдістемелік орталығының әдіскері Бейбіт Сейтбаев жүргізді. Қатысушылардың шара кезінде көңіл-күйлерін позитивті арнаға қою үшін Мелькомбинат негізгі орта мектебінің педагог-психологі София Касенова «Шашу» атты психологиялық ахуал өткізді. Семинар барысында қатысушылармен практикалық алаң жүргізіліп, Қарабұлақ орта мектебінен А.Башабаева «Python бағдарламасында тапсырмалар орындау да қолданатын әдіс-тәсілдер», Абай орта мектебінен Д.Сыдықов «Python программалау тілі», Жақыпбаев атындағы орта мектебінен М.Базарбаев «Arduino uno платасын python программалау тілінде

ГРАНТТАР САНЫ 73 МЫҢҒА ДЕЙІН АРТАДЫ

2022 жылы жоғары оқу орындарында берілетін білім гранттарының саны рекордтық 73 мыңға дейін артады. Бұл ретте жоғары оқу орындары мен колледждер студенттерінің көп бөлігі мемлекет есебінен тегін оқу мүмкіндігін алады. Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.

Президенттің қолдауының арқасында мектеп түлектерінің бюджет есебінен оқуға мүмкіндігі артып келеді. Колледждерде білім алу үшін быыл білім беру гранттарының саны да рекордтық көрсеткішке, яғни 31 мың грантқа дейін ұлғайып отыр. Гранттардың басым бөлігі техникалық мамандықтар бойынша беріледі. Сондай-ақ біз етті-хандарды алып тастадық және азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін арнайы квоталарды енгіздік. Гранттар барлық колледже берілмейді. Студент грантты жеңіп алып, бөлігін бір колледжді таңдайды. Осылайша қаржыландыру студент таңдаған колледже жіберіледі. Яғни бұл жерде «ақша студенттің соңынан ереді» қағидасы жұмыс істейді. Бұл кадрларды даярлау бойынша колледждердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ең бастысы – еңбек нарығының сұранысына сай болу, - деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Айта кетейік, гранттарды бөлу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға арналған квоталар саны ұлғайтылады. Яғни көпбалалы немесе толық емес отбасылардың балалары, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыдан шыққан үміткерлердің грант алу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады. Сонымен бірге быыл мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу кезінде инженерлік, өңдеу, құрылыс салаларына, сондай-ақ педагогикалық және жаратылыстану ғылымдарына ерекше көңіл бөлінеді. 2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша техникалық кадрларды даярлау және техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс үлесі 60 пайызға дейін артты. Студенттер арасында сұранысқа ие және қажетті мамандықтарға жаңа гранттар бөлінеді.

ҚР БҒМ баспаөз қызметі

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

◆ MAMAN

АУДАНДЫҚ БӨЛІМ ҰСЫНАТЫН БЕС ҚЫЗМЕТ

«Ескелді ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бес мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешімін қабылдауы;
2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру;
3. Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы;
4. Ағаштарды кесуге рұқсат беру;
5. Барлық қуаттың және жылу желісінің (магистральдық, орамшілік) жылыту қазандықтарына күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру.

Осы көрсетілетін атаулы қызметтерге толығырақ тоқтала кетсек:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешімін қабылдауы.
- Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:
- I) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- II) «электрондық үкіметтің» www.ke-zekte.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- I) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ, порталға өтініш берген кезде – күнтізбелік 15 күн;
 - II) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;
 - III) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 минут;
 - IV) Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) түрде.
2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік

қызметті көрсету нәтижелерін беру www.gosreestr.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі немесе дәлелді бас тарту мерзімі:

- 1-кезең: мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі - күнтізбелік 30 күн;
- 2-кезең: тұрғын үйді мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан коммуналдық меншікке берген жағдайда - 15 жұмыс күні;
- 3-кезең: тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасау - күнтізбелік 5 жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық түрінде.

3. Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері: I) Мемлекеттік корпорация;

II) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің кеңсесі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- I) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- II) өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы тұлғаны сәйкестендіру үшін беріледі);
- III) соңғы 6 (алты) ай ішіндегі еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен табысы туралы анықтама (барлық отбасы мүшесіне (зайыбына (жұбайына), кәмелетке толмаған балаларына);
- IV) осы Қағидалардың 5-тармағында айқындалған халықтың әлеуметтік

жағынан осал топтарының санаттарын қоспағанда жұмыс орнынан анықтама;

V) қарыз сомасы, бастапқы жарнаның мөлшері және ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша ай сайынғы төлемнің сомасы туралы мәліметтерді қамтитын, өтініш берушіге бастапқы тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы ЕДБ-нің хатын қоса бере отырып жүгінуі тиіс.

4. Ағаштарды кесуге рұқсат беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі elicense.kz портал арқылы жүгінген сәттен бастап 10 жұмыс күні. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде.

5. Барлық қуаттың және жылу желісінің (магистральдық, орамшілік) жылыту қазандықтарына күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру.

I) «Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 ҚР Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

II) Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электронды және қағаз түрінде;

III) Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру, энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын ескертулермен беру, не стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

◆ MAMAN MINBERI

ЭКСТРЕМИЗМ ДЕГЕН НЕ?

Экстремизм сөз латынның *extremus* деген сөзінен шығады. Мағынасы саяси, экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік, діни т.б. мақсаттарға тыйым салынған жолдар арқылы қол жеткізу дегенге саяды. Ал терроризм латынның *terror*, яғни қорқыныш деген сөзінен пайда болып, экстремизмнің соңғы нүктесі, атап айтқанда адамдарды қорқытып-үркіту, олардың денсаулығына, өміріне қауіп төндіру арқылы өз мақсатына жету әрекетін білдіреді.

Әлемде, оның ішінде Қазақстанда кең таралған және көп айтылатын діни экстремизм түріне діни қағидалар аясында өзге дін немесе сенім өкілдеріне, сондай-ақ дінге сенбеуші азаматтарға өз сенімін күшпен тықпалау немесе соған сәйкес әрекеттерге бару іс-қимылы жатады. Діни терроризмге діни идеологияның ықпалымен өзге дін өкілдеріне немесе мемлекеттік құрылымдық жүйелерге қарсы радикалды іс-қимыл түрі жатады. Оған Қазақстанда да орын алған бірнеше радикалды топтардың құқық қорғау органдарымен арада болған қарулы қақтығысын мысал ретінде атап көрсетуге болады. Діни терроризм түріне діни канондарды бұрмалау арқылы адамдарды радикалдандыру және осы әрекетпен жұрт арасында дүрбелеу туғызу, жазықсыз жандардың жанын қию әрекеттері жатады.

А.БЕЙСБАЕВ

Ескелді аудандық жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

◆ BAREKELDI

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ПАЙДА БОЛДЫ

Семей сынақ полигоны аумағында 1949-1965 жылдар аралығында, сондай-ақ 1966-1990 жылдар аралығында өмір сүрген азаматтар eGov.kz порталында жаңа қызметтің көмегімен мемлекеттен төлем ала алады.

Мемлекеттік қызметтің көмегімен азаматтарға жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығын растайтын куәлік алу мүмкіндігі беріледі. Жаңа қызмет eGov.kz порталында тегін көрсетіледі және 2022 жылдан бастап қолжетімді. Қызмет іске қосылғаннан бері 311 азамат онлайн режимінде куәлік пен өтемақы алуға өтініш берді.

Осындай қызмет еліміздегі ХҚКО-ның көмегімен де көрсетіледі. Тек 2021 жылдың өзінде 7 мыңға жуық адам қағаз түрінде өтініш берген.

- Бұл қызмет бұрын ХҚКО арқылы қағаз түрінде ғана көрсетілетін. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін мемлекеттік органдармен бірлесіп, қызметті онлайн форматқа көшірдік. Бұл Семей өңірінің тұрғындары үшін өте маңызды әрі қажетті қызмет деп ойлаймыз. «ҰАТ» АҚ ұжымының атқарған жұмысының арқасында онлайн мемлекеттік қызметтердің тізімі күннен-күнге өсіп келеді, - деп «ҰАТ» АҚ басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин атап

өтті. Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына кіріп, басты бетте «Әлеуметтік қамсыздандыру» бөлімін ашып, «Отбасыларға көмек» тармағын таңдап, қажет қызметті таңдау керек. Әрі қарай, пайдаланушы:

порталда авторизацияланады; онлайн қызметке тапсырыс береді; барлық қажетті жолдарды толтырады; ЭЦҚ немесе екі факторлы аутентификация көмегімен өтінімге қол қояды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 20 жұмыс күні ішінде қалыптастырылады және пайдаланушының «Жеке кабинетінде» Хабарлама ретінде сақталады. Хабарламаны алғаннан кейін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен жеке куәлікті/жеке куәліктің телнұсқасын алуы қажет.

Біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы өңірлер, республикалық маңызы бар қалалар және мемлекет астанасы бойынша өтемақы төлеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

◆ QIJAT

ИЕСІЗ МҮЛІК РЕТІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНСЫН

Қайтыс болған С.Омаровтың Бақтыбай ауылдық округіндегі алаңы 61,02 га жайылымдық жер үлесі иесіз мүлік ретінде есепке алынды.

- Қоңыр ауылдық округіндегі «Орманова Сара» шаруа қожалығының қайтыс болған және басқа мемлекетке көшіп кеткен жер үлестері бар төмендегі азаматтардың жер үлестері иесіз мүлік ретінде есепке алынды:
- 1) Орманова Сара алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 2) Орманов Жуат алаңы 9 га, оның ішінде 6 га тәлім егістік, 3 га шабындық;
 - 3) Орманов Асхат алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 4) Мухаммадиева Клара алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 5) Орманов Бағдат алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 6) Оразбаева Ақынсара алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 7) Орманова Жангул алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 8) Орманов Талгат алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 9) Оразбаева Гулнара алаңы 6 га, оның ішінде 4 га тәлім егістік, 2 га шабындық;
 - 10) Оразбаев Кудайберген алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 11) Максұтов Амангелді алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 12) Алиқенов Даулетқазы алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 13) Темирбеков Арман алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 14) Максұтов Жайдар алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 15) Максұтов Ержан алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 16) Кудайбергенова Капыш алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 17) Кудайбергенов Серик алаңы 12 га, оның ішінде 8 га тәлім егістік, 4 га шабындық;
 - 18) Жанұзақова Сауле алаңы 9 га, оның ішінде 6 га тәлім егістік, 3 га шабындық;
 - 19) Темирбекова Нурипа алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 20) Кудайбергенов Гүлмира алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық;
 - 21) Кудайбергенов Берик алаңы 3 га, оның ішінде 2 га тәлім егістік, 1 га шабындық.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Біз, Күнсұлу Жұмабиқызы Башеновамен талай жыл бір салада қызмет еттік. Мінезі ашық-жарқын, қашанда көмек қолын созуға дайын. Жұбайы Ерболатпен үш ұл: Мәрат, Мұрат, Ануар өсіріп-жеткізіп, жақсы тәрбие беріп, үйлендіріп, 6 немере сүйді. Бүгінде Қайнарлы ауылында үлгілі отбасының бірі. Соңғы 16 жылдан бері Қайнарлы ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болып қызмет етуде, жұмысына адал, жауапкершілігі басым, белсенді жан. Қыяматты Күнсұлу Жұмабиқызы Сізді алпыстың асқарына шыққан мерей тойыңызбен құттықтаймыз!

Ізгіліктің нұры шашар маңайға, Адамсызғой үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген, Ұмытпайды Өріптістер қалайда.

Ізгі тілепкен құттықтаушы-әріптестері:

Күләнда, Лидия, Бақытгүл, Ләззат, Раушан, Аида, Динара, Жанара, Айнура.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ескелді ауданы бойынша 2020-2021 жылдар аралығында жер ревизия жұмыстары жүргізілуіне байланысты Алдаберженов ауылдық округі бойынша иесіз бос жатқан жер телімдерін ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 1-тармағы 6-тармақшасына, 35-бабының 1-3-тармағы 13-тармақшасына сәйкес, ҚР азаматтық кодекстің 242-бабының 1-тармағына сәйкес төменде көрсетілген жер телімдері иесіз болып табылады. Аталған жер телімдерінің меншік құқығы жеке және заңды тұлғалар болған жағдайда Алдаберженов ауылы, Ленин көшесі № 25 мекен жайында орналасқан Алдаберженов ауылдық округінің әкімдігіне немесе 8(72836)28619, 8(72836)28576 телефондарына хабарласыңыздар.

№	Көше атауы	Нөмірі
Алдаберженов ауылы		
1	Жетпісбаев Тәттібек	29
2	Балпық би	39
3	А. Мүсапіров	41 «а»
4	Бақтыбай Жолбарысұлы	44
5	Ескелді би	37
6	Асылбеков	24
7	Ноғайбаев	1 «а»
8	Асылбеков	66
9	Ленин	22
10	Ноғайбаев	1
Жаңалық ауылы		
1	Б. Асанбаев	23
2	Б. Асанбаев	21
3	Б. Асанбаев	25
Жастар ауылы		
1	Е. Боранбаев	9
2	Е. Боранбаев	62
3	Е. Боранбаев	28
4	Б. Ниязбеков	1 «в»

Барлығы: 17 жер учаскесі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с пунктом 6 пункта 1 статьи 35, подпунктом 13 пункта 1 статьи 35 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в связи с проведением ревизии земель по Ескельдинскому району в период с 2020 по 2021 годы, в соответствии с пунктом 1 статьи 242 Гражданского кодекса РК, следующие земельные участки являются бесхозяйными. В случае если право собственности на указанные земельные участки имеют физические и юридические лица, обращайтесь в акимат Алдаберженовского сельского округа по адресу: с. Алдаберженово, ул. Ленина, № 25 или по телефону 8(72836)28619, 8(72836)28576.

№	Улица	Номер
село Алдаберженово		
1	Жетпісбаев Тәттібек	29
2	Балпық би	39
3	Аппақ Мүсапіров	41 «а»
4	Бақтыбай Жолбарысұлы	44
5	Ескелді би	37
6	Асылбеков	24
7	Ноғайбаев	1 «а»
8	Асылбеков	66
9	Ленин	22
10	Ноғайбаев	1
село Жастар		
1	Б. Асанбаев	23
2	Б. Асанбаев	21
3	Б. Асанбаев	25
село Жастар		
1	Е. Боранбаев	9
2	Е. Боранбаев	62
3	Е. Боранбаев	28
4	Б. Ниязбеков	1 «в»

Всего: 17 земельных участков

БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

Үстіміздегі жылдың 1-сәуірінен бастап зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі өзгеріп, тиісінше тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушыға аударуға қолжетімді қаражаттың өзгеретініне байланысты, біз жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар дайындадық. Бұл материал өздерінің зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы шешімді жедел әрі саналы түрде қабылдауға және іске асыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

аннуитеті шартын жасасқандар. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының жеке зейнетақы шоттарындағы МЗЖ және МКЗЖ есебіннен жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшерінен аспауы тиіс. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану құқығын іске асыру үшін салымшылар ең алдымен өздерінің зейнетақы жинақтарын тексеріп, алуға болатын соманың БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында бар екеніне көз жеткізуі тиіс.

БЖЗҚ-да өзінің зейнетақы жинақтарын тексергеннен және тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдағаннан кейін салымшылар арнайы шот ашу және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беру үшін уәкілетті оператордың интернет-порталы арқылы уәкілетті операторға жүгінуге тиіс. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініштер қабылдайтын уәкілетті операторлар - «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, емделуге - «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ. Уәкілетті оператор біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтінішті қарағаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді. БЖЗҚ тарапынан алуға қолжетімді сома уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп түскен күнгі ТЖШ ескеріле отырып тексеріледі. БЖЗҚ уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті оператордағы алушының арнайы шотына біржолғы зейнетақы төлемін аударады.

2022 жылға арналған ТЖШ 2022 жылдың 1-сәуірінен күшіне енетін болған соң, БЖЗҚ 2021 жылға есептелген ТЖШ шамаларына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерін уәкілетті операторлардан 2022 жылдың 31- наурызына дейін (қоса алғанда) келіп түскен өтініштер бойынша аударады. Сондықтан, уәкілетті банкке өтінішті 2022 жылдың 28-29 наурызынан кешіктірмей алдын-ала беруге кеңес береміз.

2. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға біржолғы зейнетақы төлемін алуға өтінімді қалай беруге болады? Емделуге біржолғы зейнетақы төлемін алуға қалай өтініш беруге болады?
- «БЖЗҚ» АҚ салымшыларының (алушыларының) тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін емделуге және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ақы төлеу үшін, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға құқығы бар. БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебіннен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар төмендегі адамдар өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында және емделуге ақы төлеу үшін өз пайдасына немесе жұбайының және жақын туыстарының пайдасына қолдану құқығын іске асыра алады:

а. жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшері ең аз жеткіліктілік шегінен асып кетсе. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебіннен жиналған зейнетақы жинағы мен ТЖШ арасындағы айырма сомасынан аспауы тиіс;

б. зейнетақы мөлшері ҚР Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін 40 пайыздан кем емес деңгейде қамтамасыз ететін жағдайларда жүргізіледі. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан бастапқы электрондық хабарламаны алған күнге салымшының МЗЖ және МКЗЖ есебіннен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс;

в. сақтандыру ұйымымен зейнетақы

зейнетақы жинақтарының алуға болатын сомасы туралы өз бетінше онлайн-мәлімет алуын қоспағанда БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасаудың қажеті жоқ.

3. Неге enpf-otbasy.kz платформасы жұмыс істемейді?

- www.enpf-otbasy.kz сайты «Отбасы банк» ТҚЖБ» АҚ қарамағында. Барлық туындаған сұрақ бойынша «Отбасы банк» АҚ тұлғасындағы уәкілетті операторға жүгінулеріңізді сұраймыз.

4. Егер төменгі жеткіліктілік шегінен асатын қаражат жиналып қалса, Отбасы банкіне тағы да өтінім беруге бола ма?

- Егер алуға болатын сома болса, көп рет пайдалануға болады. Алайда, 1 жылдың 2022 сәуірінен бастап төменгі жеткіліктілік шегі артып, ТЖШ арқылы есептелетін қолжетімді қаражаттың мөлшері өзгеретінін ескеру қажет.

5. Неліктен БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу туралы өтініш орындалмады?

- Өтінішті орындаудан бас тартудың негізгі себептері және оларды жойып, алдын алуға арналған кеңестер төменде келтірілген. Бірінші себеп: өтініште көрсетілген сұратылатын қаражат зейнетақы жинақтарының алуға қолжетімді сомасынан асып түседі. Ұсыным: уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға өтініш берер алдында қолжетімді сома туралы мәліметпен қатар, өз зейнетақы жинақтары жөніндегі өзекті ақпаратты тексеру. Екінші себеп: өтініште көрсетілген сұратылатын қаражат өңдеуге қабылданған өтініштерді ескере отырып, зейнетақы жинақтарының алуға қолжетімді сомасынан асып түссе. Ұсыным: бұрын жіберілген өтініштердің орындалуын күтіңіз. Үшінші себеп: БЖЗҚ-да жеке басты куәландыратын құжаттың (құжаттардың) жарамсыздығы



туралы мәліметтер болса. Ұсыным: өтініште жеке басты куәландыратын қолданыстағы құжатты көрсету немесе жеке басты куәландыратын жаңа құжатты алу үшін ХҚО-ға жүгіну. Төртінші себеп: салымшы қайталама, қайталанатын өтінімдер берді. Ұсыным: күте тұрыңыз. Заңнамаға сәйкес, БЖЗҚ-ға уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде БЖЗҚ операторға кейіннен салымшының уәкілетті оператор ашқан арнайы шотына есепке жатқызу үшін біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударады.

Егер БЖЗҚ-дан уәкілетті операторға бас тарту себебін көрсете отырып, төлемді аударудан бас тарту туралы электрондық хабарлама келіп түспесе, онда салымшы жинақты оның арнайы шотына аударуына дейін бес жұмыс күнін күтуі және уәкілетті операторға қайтадан өтініш бермеуі тиіс. Естеріңізге сала кетейік, салымшыда БЖЗҚ-да алуға қол жетімді қаржы болған жағдайда, оны пайдалануға арналған БЭТ өтініш шексіз рет берілуі мүмкін. Алайда, 2022 жылдың 1-сәуірінен бастап төменгі жеткіліктілік шектерінің жоғарылауы, жоғарыда аталған ұсынымдарды ескерсек, уәкілетті операторға берер алдында өтінішті мұқият тексерген жөн. Сондай-ақ, тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделуге ақы төлеу үшін зейнетақы жинақтарын нысаналы пайдалану шарттарына байланысты барлық төлемсіз уәкілетті опера-

тор «бір терезе» қағидаты бойынша қарайтындықтан, БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру талап етілмейтінін естеріңізге саламыз.

6. Өтінімнің мәртебесін қалай тексеруге болады?

- Өтініштің мәртебесін уәкілетті оператордың порталындағы жеке кабинеттен тексеруге болады. Өтініш БЖЗҚ-ның өңдеуіне қабылданғаннан кейін оның мәртебесін enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ мобильдік қосымшасындағы жеке кабинеттен тексеруге болады.

7. Жеткіліктілік шегінен жоғары соманы қалай білуге болады?

- Зейнетақы жинақтарының әрбір жас үшін ең төменгі жеткіліктілік шегі туралы ақпарат enpf.kz сайтында орналастырылған. Жеткіліктілік шегінің жеке есептеулерімен enpf.kz сайты мен БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинеттен таныса аласыз, мұнда алуға/аударуға болатын зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпаратты онлайн тәртібінде тексеру мүмкіндігі іске асырылған.

8. Неліктен беірезиденттер Отбасы банкіне шот аша алмайды?

- Бұл мәселе «БЖЗҚ» АҚ құзырында емес. Бұл өтінішіңізді «Отбасы банк» ТҚЖБ» АҚ-ға 300 қысқа телефон нөмірі бойынша жолдауыңызды сұраймыз. Ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін.

9. Жеткіліктілік шегінің ұлғаюына байланысты 2022 жылдың 1-сәуірінен бастап бұл өзгерістер қалған зейнетақы жинақтарының 50 пайызын ала алатын зейнеткерлерге қатысты бола ма?

- БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебіннен қалыптастырылған зейнетақы

өз жинақтарының 50 пайызы шегінде пайдалана алады.

10. Өтінімді қалай жоюға болады?

- Бұл мәселе «БЖЗҚ» АҚ құзырында емес. Өз өтінішіңізді уәкілетті операторларға жолдауыңызды сұраймыз.

11. Отбасы Банкінің платформа-сына қандай құжаттарды жүктеу қажет және оларды қалай жүктеуге болады?

- Бұл мәселе «БЖЗҚ» АҚ құзырында емес. Өз өтінішіңізді «Отбасы банк «ТҚЖБ» АҚ-ға 300 қысқа телефон нөмірі бойынша жолдауыңызды сұраймыз. Ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін.

12. Өтініш берген кезде қандай сома көрсеткен жөн: кейінге қалдырылған ЖТС-пен бе, әлде ЖТС-ты біржолғы ұстап қалумен бе?

- Салымшыларға қолайлы болу үшін enpf.kz сайты, БЖЗҚ мен электрондық үкіметтің мобильдік қосымшаларындағы жеке кабинетте алуға болатын қаражаттың екі нұсқасы көрсетілген: біржолғы және кейінге қалдыру жеке табыс салығымен. Уәкілетті операторға зейнетақы жинақтарын біржолғы төлем алуға өтініш берген кезде салымшы таңдап алынған ЖТС ұстап қалу тәсілі туралы өтініште көрсете отырып, біржолғы зейнетақы төлемі кезінде ЖТС төлеу тәсілін өз бетінше таңдауы тиіс, оған сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңба қойылады: дереу толық мөлшерде беріліп, немесе ЖТС шегерілген кезеңде ұстап қалу.

13. Туысына БЭТ-ні қалай беруге болады?

- Бұл мәселе «БЖЗҚ» АҚ құзырында емес. Өз өтінішіңізді уәкілетті операторларға жолдауыңызды сұраймыз.

14. БЖЗҚ-дан ақшаны Отбасы банкінің депозитіне қалай аударуға болады?

- «Отбасы банк» ТҚЖБ» АҚ-ға салымды толықтыру бөлігінде біржолғы зейнетақы төлемін (БЭТ) мақсатты пайдалану бойынша өтінім enpf-otbasy.kz платформасы арқылы беріледі. Толық ақпарат алу үшін осы сайтқа хабарласуға немесе 300 қысқа номерлі телефонға қоңырау шалуға кеңес береміз. Ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін.

15. Демалыс күндері БЭТ-ны аударуға өтінім беруге бола ма?

Уәкілетті операторлардың порталдары арқылы өтінімдерді кез келген күні және тәуліктің кез келген уақытында беруге болады. Алайда уәкілетті операторлар, БЖЗҚ, кастодиан-банктер және т.б. берілген өтініштерді тек жұмыс күндері өңдеп, салыстырып тексеру жүргізетінін қаперіңізде ұстаған жөн.

16. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аудару туралы өтінішті қалай беруге болады?

- Ең алдымен, сіздің жеке зейнетақы шотыңызда enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ мен электрондық үкімет мобильді қосымшаларындағы жеке кабинетте инвестициялық портфельді басқарушыға аудару үшін қолжетімді қаражатыңыз бар-жоғын тексеру қажет. Бұдан әрі инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау қажет. Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі белгілеген барлық талаптарға сәйкес келетін, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар төрт ИІБ-мен шарт жасасқан:

- «First Heartland Jysan Invest» АҚ;
- «Halyk Global Markets» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕУ);
- «BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның еншілес ұйымы;
- «Сентрас Секьюритиз» АҚ.

Әрбір ИІБ туралы ақпарат enpf.kz сайтында «Қызметтері»/«Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИІБ сенімгерлік басқаруға аудару» бөлімінде жарияланған. Басқарушы компаниялардың инвестициялық қызметіне шолумен enpf.kz сайтында «Көрсетілетін»/«Инвестициялық қызметке шолу» немесе «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне қысқаша шолу» бөлімінде танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
Продам дом с. Алдаберге-ново (Чубар) участок 30 соток, 15 минут от Талдықорғана. 87759525869

